

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	008
Жинақтағы беттері	33-34
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 351.354
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Айтбай Шаһаризада Әлібекқызы
Мәртебесі	Магистрант
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., аға оқытушы – Талапбаева Г.Е.
Мақала атауы	МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Айтбай Шаһаризада Әлібекқызы

Gulnar7575@mail.ru

«Менеджмент» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., аға оқытушы – Талапбаева Г.Е.

Қазіргі заманда цифрлық технологиялар барлық салалардың ажырамас бөлігіне айналды. Мемлекеттік басқару да бұл өзгерістерден тыс қалмай, қызмет көрсетуді жетілдіру, процестерді оңтайландыру және халықтың сұранысына жедел жауап беру мақсатында цифрлық трансформацияны белсенді түрде жүзеге асырып келеді. Қазақстан бұл бағытта үлкен жетістіктерге жетті. Елде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, электрондық үкімет жүйесі дамуда, инновациялық экожүйе құрылып, түрлі салаларда цифрлық технологиялар енгізілуде.

Цифрландырудың басты жетістіктерінің бірі – электрондық үкіметтің дамуы. 2023 жылғы «Digital Almaty» форумында ұсынылған мәліметтерге сәйкес, Алматы қаласында мемлекеттік қызметтердің 96%-ы цифрлық форматта көрсетіледі. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып, азаматтардың мемлекеттік қызметтерді онлайн алу мүмкіндігін кеңейтуде. Электрондық үкімет порталы мен мобильді қосымшалар арқылы азаматтар құжат рәсімдеу, салық төлеу, әлеуметтік төлемдер алу сияқты қызметтерді үйден шықпай-ақ пайдалана алады [1].

2018–2022 жылдары жүзеге асқан «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мемлекеттік басқаруды жаңғыртуға және елдің цифрлық дамуын жеделдетуге үлкен серпін берді. Оның нәтижелері мынадай:

- Жаңа жұмыс орындары: 2019 жылы 8 000 жаңа жұмыс орны құрылды.
- Экономикалық тиімділік: 2018–2019 жылдары цифрлық жобалардың экономикалық тиімділігі 600 млрд теңгеден асты.
- Электронды еңбек биржасы: 2019 жылы 488 мың адам онлайн еңбек биржасы арқылы жұмысқа орналастырылды, оның 350 мыңнан астамы тұрақты жұмысқа қабылданды.

Бұл көрсеткіштер цифрлық трансформацияның халықтың өмір сапасын жақсартуға және еңбек нарығын дамытуға оң әсер еткенін көрсетеді.

Цифрлық технологиялар мемлекеттік басқарумен қатар, экономика салаларын да жаңғыртуда.

• Мұнай-газ саласы: «Ақылды кен орны» жүйесі «Өзенмұнайгаз» және «Қазгермұнай» компанияларында енгізіліп, электр энергиясына жұмсалатын шығынды 15%-ға азайтты, ал мұнай өндіру деңгейі 2%-ға тұрақтанды.

• Теміржол көлігі: «Магистраль» автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы 19 000 шақырым жол диагностикаланып, 85 ақаулы рельс анықталды, бұл апаттардың алдын алуға көмектесті.

Бұл реформалар ресурстарды үнемдеуге және қауіпсіздікті арттыруға бағытталған.

Қазақстанда IT-индустрияны дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Елдегі басты IT-хаб – Astana Hub инновациялық экожүйесінің дамуы цифрлық экономиканы ілгерілетуге ықпал етуде.

• 2019 жылға қарай 163 IT-компания, 700-ден астам стартап және 17 ғылыми-зерттеу орталығы осы технопаркке кірді.

• 2019 жылы 530 іс-шара ұйымдастырылып, 17 000 адам қатысты.

• Соңғы екі жылда Қазақстанның IT-нарығына 32,4 млрд теңге инвестиция құйылды.

Astana Hub технологиялық кәсіпкерлікті дамытудың және халықаралық IT-жобаларды

тартудың негізгі алаңына айналды [2].

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру – басты басымдықтардың бірі. Алайда, Қазақстандағы қазіргі мемлекеттік басқару жүйесі заманауи талаптарға толық сәйкес келмейді. Стратегиялық жоспарлау жүйесі формалды сипатқа ие, атқарушы органдардың күнделікті жұмысына және ресурстарды бөлу тәжірибесіне жеткілікті деңгейде ықпал етпейді. Сонымен қатар, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу бойынша нақты жауапкершілік қарастырылмаған. Бұл жағдай бюрократиялық тиімділіктің төмендеуімен, қоғамдық бақылаудың әлсіреуімен, сондай-ақ, шұғыл шешімдер қабылдау үшін жеткілікті жылдам әрі сенімді деректердің болмауымен байланысты.

Мемлекеттік басқаруда кездесетін негізгі мәселелер

Мемлекеттік органдардың күнделікті жұмысында бірқатар қиындықтар байқалады:

- Ескірген құжат айналымы жүйесі;
- Бірнеше деңгейлі басқару құрылымы;
- Ескі процестерді цифрландырудың тиімсіздігі;
- Қағаз құжаттарын кеңінен пайдалану;
- Азаматтардың мемлекеттік қызмет алу үшін жеке қатысу қажеттілігі;
- Мемлекеттік ведомстволар арасындағы ақпараттық жүйелердің әлсіз байланысы.

Қазіргі автоматтандыру жобаларының кемшіліктері

Көпфункционалды орталықтар мен мемлекеттік қызметтердің бірыңғай порталының құрылуы – мемлекеттік қызметтерді жетілдіруде маңызды қадам. Алайда, қолданыстағы автоматтандыру жобалары жоғарыда аталған мәселелерді шешпейді және басқару құрылымдары мен процестерін түбегейлі өзгертудің орнына, оларды бекітіп, сақтап қалады.

Нәтижесінде, тактикалық деңгейде цифрландыру басқару үдерістерін жылдамдатып, оңтайландырса да, стратегиялық тұрғыда мемлекеттік басқару жүйесінің дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан жаңа IT-мемлекет экожүйесін қазіргі автоматтандыру жүйелерінен бөлек құру қажет. Уақыт өте келе, Big Data негізіндегі жаңа жүйе ескі жүйелердің функцияларын алмастырады. Осы өтпелі кезеңде жаңа және ескі жүйелер қатар өмір сүріп, біртіндеп жаңа платформаға көшеді. Бұл реформа басқарудың жаңа сапалы мүмкіндіктерін ашады [3].

Қазақстан цифрландыруды жүйелі түрде дамытып, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында бес негізгі бағытты айқындады:

1. Экономиканы цифрландыру – жаңа технологияларды енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттыру.

2. Цифрлық мемлекетке көшу – мемлекеттік басқаруды азаматтардың қажеттілігіне бейімдеу.

3. «Цифрлық Жібек жолын» дамыту – жоғары жылдамдықты деректер инфрақұрылымын құру.

4. Адами капиталды дамыту – цифрлық дағдыларды меңгерген мамандар даярлау.

5. Инновациялық экожүйені қалыптастыру – мемлекет, бизнес және ғылым арасындағы өзара іс-қимылды дамыту.

Бұл бағыттар Қазақстанды цифрлық державаға айналдыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформацияның болашағы

Қазақстанда цифрлық басқару жүйесін жетілдіру үшін келесі міндеттерге назар аудару қажет:

• Блокчейн технологияларын кеңінен енгізу – мемлекеттік қызметтердегі ашықтық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

• Жасанды интеллект пен Big Data қолдану – басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру.

• Бұлттық технологияларды дамыту – мемлекеттік органдардың шығындарын азайту және деректерді жылдам өңдеу.

Сонымен қатар, азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік басқару процестеріне халықтың белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін